

Бағалы қағаздаррында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 22 тамыздағы N 119 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 30 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5323 болып енгізілді. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2009 жылғы 26 қыркүйектегі N 215 Қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2009.09.26 N 215 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.

"Бағалы қағаздаррында өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 2-тармағының 11), 15) тармақшаларына, 45-бабының 4-тармағына, 49-бабына және "Қаржырын мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 1-тармағының 5), 6) тармақшаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Бағалы қағаздаррында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесін бекітілсін.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы 2008 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Стратегия және талдау департаменті (Н.А. Әбдірахманов):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сарсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің

мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастыры" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жеткізсін.

5. Ақпараттық технологиялар департаменті (Қ.А. Тұсіпов) 2008 жылғы 30 қарашаға дейінгі мерзімде "Жинақтаушы зейнетақы қорларының және бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының есептілігін қалыптастыруды автоматтандыру" автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйесін жетілдіруді қамтамасыз етсін.

6. Агенттік Төрайымының қызметі (А.Ә. Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ә. Алдамбергенге жүктелсін.

Төрайым

Е. Бахмутова

Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау
агенттігі Басқармасының
2008 жылғы 22 тамыздағы
N 119 қаулысына косымша

Күші жойылды деп танылатын нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

1. Агенттік Басқармасының "Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесін бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 17 маусымдағы N 132 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4299 тіркелген)

2. Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесін бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен

қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 17 маусымдағы N 132 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2006 жылғы 27 қазандағы N 226 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4478 тіркелген).

3. Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Бағалы қағаздаррында көсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын үйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесін бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 17 маусымдағы N 132 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы" 2007 жылғы 30 сәуірдегі N 112 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4690 тіркелген).

4. Агенттік Басқармасының "Номиналды ұстаушы ретінде клиенттің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және дилерлік қызметті және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйымдар үшін пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесін бекіту және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2008 жылғы 28 сәуірдегі N 56 қаулысының 2-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5233 тіркелген).

Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын және қаржы
үйымдарын реттеу мен қадағалау
агенттігі Басқармасының
2008 жылғы 22 тамыздағы
N 119 қаулысымен бекітілді

Бағалы қағаздаррында көсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын үйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесі 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Бағалы қағаздаррында көсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын үйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесі (бұдан әрі –

Ереже) бағалы қағаздаррында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдардың сақтауы міндепті пруденциалдық нормативтерді есептеу тәртібін белгілейді.

2. Бағалы қағаздаррында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдар үшін осы Ережеде көрсетілмеген өзге пруденциалдық нормативтер бойынша есептілікті ұсыну тәртібі мен есебі қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) оларды есептеу және есеп беру тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.

3. "Standard & Poor's" агенттігінің рейтингтік бағалардан басқа уәкілетті органмен "Moody's Investors Service" және "Fitch" агенттіктерінің және олардың еншілес рейтингтік ұйымдарының (бұдан әрі – басқа рейтинг агенттіктері) рейтингтік бағалар де танылады.

3-1. Осы Ереже мақсаты үшін пайдаланылатын халықаралық қаржы ұйымдары болып, тізбесі "Зейнетакы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы N 225 қаулысы (бұдан әрі - N 225 қаулы) 1-қосымшамен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4486 тіркелген) белгіленген халықаралық қаржы ұйымдары түсіндіріледі.

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.12.29 N 247 , 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулыларымен.

4. Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның (бұдан әрі – Басқарушы) өтімді активтері ретінде мынадай активтер танылады:

1) ақша, оның ішінде:

кассадағы ақша, Басқарушының балансы бойынша активтер сомасының он пайызынан аспайтын мөлшерде;

осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктердің ағымдағы шоттарындағы ақша;

бағалы қағаздар орталық депозитарийдің ағымдағы шоттарындағы ақша;

"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB"-тен төмен емес ұзақ мерзімді және/немесе қысқа мерзімді жеке рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар резидент емес – банктердің ағымдағы шоттарындағы ақша;

ұйымдастырылған бағалы қағаздаррында операцияларды жүзеге асыру үшін Басқарушыға банктік қызмет көрсететін резидент емес – ұйымдардың ағымдағы шоттарындағы ақша;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар;

3) ықтимал шығындар резервтерін шегергендеңгі, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктердегі салымдар (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке алғанда), мынадай шарттардың біреуіне сәйкес келген жағдайда:

банктердің "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB"-тен төмен емес ұзак мерзімді кредиттік рейтингі, немесе басқа рейтингтік агенттіктердің ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе "Standard & Poor's" ұлттық шәкілі бойынша "kzBB"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар;

банктер "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A"-тен төмен емес ұзак мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар резидент еместің - бас банкінің еншілес резидент - банктері болып табылады;

банктер қор биржасының ресми тізімінің "акциялар" секторының бірінші және (немесе) екінші санатына енгізілген эмитент-банктері болып табылады;

4) ықтимал шығындар резервтерін шегергендеңгі, (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке алғандағы) "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша " BBB- "-тен төмен емес ұзак мерзімді және/ немесе қысқа мерзімді жеке рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі бар резидент емес-банктеріндегі салымдар;

5) ықтимал шығындар резервтерін шегергендеңгі, басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмиссияланғандарды қоса алғанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескере отырып);

5-1) ықтимал шығындар резервтерін шегергендеңгі, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздар (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескере отырып);

6) ықтимал шығындар резервтерін шегергендеңгі, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы, немесе "Standard & Poor's" ұлттық шәкілі бойынша "kzBB"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының акциялары;

7) ықтимал шығындар резервтерін шегергендеңгі, қор биржасының ресми тізімінің "акциялар" секторының бірінші және/немесе екінші санатына енгізілген Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының акциялары;

8) ықтимал шығындар резервтерін шегергендеңі, Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы, немесе "Standard & Poor's" ұлттық шәкілі бойынша "kzB"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескергенде);

9) ықтимал шығындар резервтерін шегергендеңі, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, қор биржасының ресми тізімінің "рейтингтік бағасы жоқ бірінші шағын санаттағы борыштық бағалы қағаздар" шағын санатына енгізілген, Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескергенде);

10) ықтимал шығындар резервтерін шегергендеңі, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетел мемлекеттерінің бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескере отырып);

11) ықтимал шығындар резервтерін шегергендеңі, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескере отырып);

12) ықтимал шығындар резервтерін шегергендеңі, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шетел эмитенттерінің акциялары;

13) ықтимал шығындар резервтерін шегергендеңі, "Standard & Poor's" агенттігінің "BBB"- кем емес халықаралық рейтинг бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескере отырып) халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы

қағаздар;

14) тазартылған қымбат металлдар және металл депозиттері;

15) ықтимал шығындар резервтерін шегергендеңі, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB"-тен төмен емес рейтингтік

бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шетел әмитенттерінің акциялары базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар;

16) ықтимал шығындар резервтерін шегергенде, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шекілі бойынша "BB"-тен төмен емес бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар, немесе "Standard & Poor's" ұлттық шекілі бойынша "kzBB"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының акциялары базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар;

17) ықтимал шығындар резервтерін шегергенде, қор биржасының реңми тізімінің "акциялар" секторының бірінші және/немесе екінші санатына енгізілген заңды тұлғалардың акциялары базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар;

18) ықтимал шығындар резервтерін шегергенде, бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылардың және бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысуышылары акционерлері болып табылатын, бағалы қағаздар рыногы инфрақұрылымының бөлігі болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың елу пайызға азайтылған акциялары;

19) қызметкерлердің және басқа тұлғалардың дебиторлық берешектерін шегергенде, Басқарушыға қатысты аффилиирленген тұлға болып табылмайтын ұйымдардың дебиторлық берешегі (ықтимал шығындар резервтерін шегергенде), оның ішінде:

қызметкерлердің және басқа тұлғалардың дебиторлық берешектерін шегергенде, Басқарушыға қатысты аффилиирленген тұлға болып табылмайтын ұйымдардың шарт талаптары бойынша үш күннен аспайтын мерзімге, баланс бойынша активтер сомасының жиырма пайызынан аспайтын мөлшерде мерзімі өткен дебиторлық берешек (ықтимал шығындар резервтерін шегергенде);

қызметкерлердің және басқа тұлғалардың дебиторлық берешектерін шегергенде, Басқарушыға қатысты аффилиирленген тұлға болып табылмайтын ұйымдардың шарт талаптары бойынша тоқсан күннен аспайтын мерзімге, Басқарушының балансы бойынша активтер сомасының он пайызынан аспайтын мөлшерде мерзімі өткен, елу пайызға азайтылған дебиторлық берешек (ықтимал шығындар резервтерін шегергенде);

Осы тармақта көрсетілген бағалы қағаздар мынадай жағдайларда өтімді активтердің есептелуіне қосылмайды:

Басқарушы оларды қайта сатып алу шартымен сатқан немесе кепілге берген, немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа жолмен ауыртпалық салған жағдайда;

Басқарушы автоматты "репо"рыногында оларды қайта сату шартымен бағалы қағаздарды сатып алған жағдайда;

Басқарушыға қатысты аффилиирленген тұлға болып табылатын занды тұлғалармен шығарылған бағалы қағаздарды Басқарушы сатып алған жағдайда.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - КР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.10.29 N 164 Қаулысымен.

5. Басқарушының басқа активтері ретінде меншікті капитал жеткіліктілігінің есебіне қосылатын мынадай активтер танылады:

1) Басқарушының баланстық құны бойынша негізгі құрал-жабдықтары, оның ішінде:

меншігіндегі немесе Басқарушының балансы бойынша активтер сомасының он пайызынан аспайтын мөлшерде тұрақты жер пайдалану құқындағы жер;

Басқарушының балансы бойынша активтер сомасының он пайызынан аспайтын мөлшердегі меншігіндегі ғимараттар мен құрылыштар;

көлік құралдарын қоспағанда, меншігіндегі Басқарушының баланс бойынша активтер сомасының бес пайызынан аспайтын мөлшердегі машиналар мен жабдықтар.

6. Зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қоры, (бұдан әрі – Қор), зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын үйымы (бұдан әрі – Үйым) үшін өтімді және басқа активтердің тізбесі Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Зейнетақы активтерін инвестиациялық басқаруды жүзеге асыратын үйымдарға арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2008 жылғы 22 тамыздағы N 118 қаулысымен (бұдан әрі – N 118 Нұсқаулық) анықталады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - КР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.

2-тaraу. Қорға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу тәртібі

7. Қордың зейнетақы активтерді инвестиациялық басқару қызметін жүзеге асырған кездегі, сондай-ақ Қордың зейнетақы активтерін инвестиациялық басқару жөніндегі қызметті номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз брокерлік және дилерлік қызметті қоса атқарғандағы меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$$K_1 = (\Theta A - M) / MZA, \text{ мұнда}$$

ΘA – Қордың осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген активтері;

M – Қордың жиынтық міндеттемелері ("repo" операциясын ашық сауда әдісімен өткізгенде, міндеттемелерге тек "repo" ашу сәтіне қор биржасының ішкі ережелеріне сәйкес анықталған "repo" объектісінің нарықтық құнының дисконт сомасы ғана кіреді);

MZA - мына формула бойынша есептелетін, тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген Қордың инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдарының құны :

$$MZA = Ktk + Ntk + Ottk, \text{ мұнда}$$

Ktk – осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттары бойынша өтелгенге дейін ұсталатын санатқа жатқызылған борыштық бағалы қағаздар, шетелдік эмитенттер және "саудаға арналған" және "сату үшін қолда бар" санатында 1 жылдан астам тұрған Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар, тәуекел дәрежесі бойынша сараланған депозиттер, тазартылған қымбат металдар, металл депозиттер, "кері repo" операциялары бойынша есептелетін кредиттік тәуекел ;

Ntk - "саудаға арналған" және "сату үшін қолда бар" санатына қойылған борыштық бағалы қағаздар, акциялар, пайлар, туынды қаржы құралдары бойынша 10-ға тең келтіру коэффициентін жасау ретінде есептелетін нарықтық тәуекел, ол мына сома бойынша есептеледі: *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

Сыйақы ставкасының (пайыздық тәуекелдің) өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралы бойынша тәуекел; *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

нарықтық құнның (кор тәуекелінің) өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралы бойынша тәуекел; *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

валюталардың айырбас бағамдары мен қымбат металдардың бағамдарының (валюталық тәуекел) өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралы бойынша тәуекел. *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

Сыйақы ставкасының (пайыздық тәуекелдің) өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралы бойынша тәуекел есебі айырықша пайыздық тәуекелдің және жалпы пайыздық тәуекелдің сомасын білдіреді. *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

Айырықша пайыздық тәуекел осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес қаржы құралы рейтингіне қатысты айырықша пайыздық тәуекел коэффициенті

бойынша сараланған сыйақы ставкасының (пайыздық тәуекелдің) өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар бірыңғай қаржы құралдарының сомасын білдіреді. (*2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі*)

Сыйақы ставкасының (пайыздық тәуекелдің) өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар бірыңғай қаржы құралдары болып, мынадай талаптарға сәйкес келетін қаржы құралдары танылады: (*2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі*)

бір эмитент шығарған; (*2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі*)

төң кірістілік мөлшері бар; (*2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі*)

нарықтық құны сол сияқты бір валютада көрсетілген; (*2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі*)

өтелгенге дейінгі бірдей мерзімі бар. (*2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі*)

Түнди қаржы құралдары айырықша пайыздық тәуекел есебіне енгізілмейді. (*2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі*)

Жалпы пайыздық тәуекел мына сомаларды білдіреді: (*2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі*)

осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес уақытша аралықтар бойынша тәуекелдің барлық аймақтары бойынша сараланған қаржы құралдары сомасының 10 пайызын; (*2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі*)

осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес 1 аймақтың уақытша аралықтары бойынша сараланған қаржы құралдары сомасының 40 пайызын; (*2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі*)

осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес 2 аймақтың уақытша аралықтары бойынша сараланған қаржы құралдары сомасының 30 пайызын; (*2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі*)

осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес 3 аймақтың уақытша аралықтары бойынша сараланған қаржы құралдары сомасының 30 пайызын. (*2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі*)

Қаржы құралының (қор тәуекелінің) нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекел қаржы құралының құнын рыноктық тәуекел коэффициентімен жасауды білдіреді және борыштық бағалы қағаздар бойынша айырбасталатын акциялар (сыйақы ставкасының өзгеруіне байланысты айырбасталмайтын артықшылықты акцияларды қоспағанда), және осы Нұсқаулықтың 5-қосымшасына сәйкес базистік активі аталған бағалы қағаздар болып табылатын акциялар, түнди қаржы құралдары, депозитарлық қолхаттар болып есептеледі. (*2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі*)

Валюталық айырбас бағамдарының және қымбат металл бағамдарының (валюталық тәуекел) өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекел шетел валютасында номинирленген қаржы құралдарының сомасын жасауды, сондай-ақ 0,04 валюталық тәуекел коэффициентіне тең осы бағалы қағаздардың барлық айналыс кезеңінде ұлттық валюталық бағаммен белгіленген осы құрал бойынша ақша ағынын белгілейтін шығарылым талабын көздейтін қаржы құралдарын қоспағандағы шетел валюталарының, қымбат металдардың, шетелдік қолма-қол валютаның бағамдарының өзгеруін индекстеген номиналды және (немесе) купонды сыйақыны білдіреді. (*2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі*)

Рыноктық тәуекел есебіне тәуекелдерді хеджирлеу мақсаты үшін сатып алынған мынадай туынды қаржы құралдары енгізіледі: (*2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі*)

Сыйақы ставкасының өзгеруіне байланысты туынды қаржы құралдары – базистік активі пайыздық кіріс алып келетін қаржы құралы болып табылатын келісім-шарт, немесе талаптары бойынша қаржы ағыны пайыздық ставка немесе өзге пайыздық келісім-шарт негізінде есептесетін келісім-шарт; (*2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі*)

Акциялардың нарықтық құнының өзгеруіне байланысты туынды қаржы құралдары – базистік активі қор құндылықтары (акциялар) немесе қор индексі болып табылатын келісім-шарт; (*2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі*)

Отк – операциялық тәуекел, 0,04 операциялық тәуекел коэффициентіне тең соңғы өткен үш қаржы жыл ішінде алынған жылдық жалпы өнімнің орташа шегін келтіретін 10-ға теңдестіру коэффициентін білдіреді.

Соңғы өткен үш жыл ішіндегі жылдық жалпы өнімнің орташа шегі өткен үш жыл ішіндегі жылдық жалпы өнімнің сомасына қатысты ретінде есептеледі, оның әр қайсысы бойынша Қордың таза кіріс алған жылдарының санына сай кіріс алынған.

Жаңадан құрылған қорлар үшін операциялық тәуекел қаржы жылдының аяқталуы бойынша есептеледі, және жылдық жалпы өнімнің орташа шегі өткен жылдардың санын негізге ала отырып, есептеледі.

2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап нарықтық тәуекел есебі кезінде көрсетілген келтіру коэффициенті 25 болады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының - 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.

8. Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициентінің күнделікті мәні 0,04 кем емес болуы керек.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - КР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.10.29 N 164 , 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулыларымен.

8-1. Меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициентінің мәні зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі лицензиясынан айырылған жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері мен міндеттемелерін оларды берген күннен бастап күн сайын алты ай ішінде оларды қабылдаған Қор үшін 0,01 кем болмайды. Зейнетақы активтері мен міндеттемелерді берген күннен кейін алты ай аяқталған соң меншікті капиталдың жеткіліктілігі жиынтық коэффициентінің мәні осы Ереженің 8-тармағында көрсетілген мәнді құрайды.

Ескерту. 8-1-тармақпен толықтырылды - КР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.

3-тaraу. Зейнетақы активтерді инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын үйымдар үшін пруденциалдық нормативтерді есептеу тәртібі

9. Үйым қызметін инвестиациялық портфельді басқару жөніндегі қызметпен (басқаруда активтер болған жағдайда), сондай-ақ номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығының брокерлік және дилерлік қызметпен біріктіріп атқарған жағдайдағы меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициентінің мәні және есептеу тәртібі Агенттік Басқармасының N 118 қаулымен анықталады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - КР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.

9-1. К₂ номиналды кіріс коэффициенті орташа алынған номиналды кірістің түзетілген коэффициентінен ауытқыған кезде және Қорда шартты міндеттемелер пайда болған кезде Қор N 118 Нұсқаулыққа сәйкес есептелген шартты міндеттемелер бойынша бағалау резервін қалыптастырады.

Ескерту. 9-1-тармақпен толықтырылды - КР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.

4-тaraу. Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын үйымдарға арналған пруденциалдық нормативті есептеу тәртібі

10. Басқарушы қызметін клиенттің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және дилерлік қызметпен біріктіріп атқарған жағдайда меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$$K_1 = (\Theta A - M) / MKTM, \text{ мұнда}$$

ΘA – осы Ереженің 4 және 5-тармақтарында көрсетілген активтер;

M – Басқарушының жиынтық міндеттемелері;

MKTM – Басқарушының меншікті капиталының ең төменгі мөлшері;

MKTM = 50 миллион теңге.

Басқаруға алынған активтердің құны 40 миллиард теңгеден астам болған жағдайда Басқарушының меншікті капиталының ең төменгі мөлшері мына формуламен есептеледі:

$$MKTM = (20 \text{ миллион теңге} + (BKA - 40 \text{ миллиард теңге}) * 0,0002) + 30 \text{ миллион теңге, мұнда}$$

BKA – басқаруға қабылданған активтер;

MKTM ең жоғары мәні 1,6 миллиард теңгеден аспауы тиіс.

Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициентінің мәні күнделікті 1-ден кем болмауы тиіс.

Басқарушы қызметін номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз брокерлік және дилерлік қызметті қоса атқарған жағдайда меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті мынадай формула бойынша есептеледі:

$$K_1 = (\Theta A - M) / MKTM, \text{ мұнда}$$

ΘA – Басқарушының осы Ереженің 4 және 5-тармақтарында көрсетілген активтері;

M – Басқарушының жиынтық міндеттемелері;

MKTM – Басқарушының меншікті капиталының ең төменгі мөлшері.

MKTM = 25 миллион теңге.

Басқаруға қабылданған активтердің құны 40 миллиард теңгеден астам болған жағдайда Басқарушының меншікті капиталының ең төменгі мөлшері мынадай формуламен есептеледі:

$$MKTM = (20 \text{ миллион теңге} + (BKA - 40 \text{ миллиард теңге}) * 0,0002) + 5 \text{ миллион теңге, мұнда}$$

BKA – басқаруға алған активтер;

MKTM ең жоғары мәні 1,6 миллиард теңгеден аспауы тиіс.

Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициентінің мәні күнделікті 1-ден кем болмауы тиіс.

5-тарау. Пруденциалдық нормативтердің есебін және пруденциалдық нормативтерді есептеу үшін қосымша мәліметтерді ұсыну тәртібі

11. Пруденциалдық нормативтің есебі үшін пруденциалдық нормативтің есебі мен қосымша мәліметтер Қор мен Ұйым үшін осы Ереженің 6 және 8-қосымшаларына сәйкес есептік тоқсанның соңғы жұмыс күні үшін уәкілетті органға осы Ереженің қосымшасына сәйкес есептік тоқсаннан кейінгі айдың бесінші жұмыс күні Астана қаласының уақыты бойынша 18.00 сағаттан кешіктірмей ұсынылады.

12. Пруденциалдық нормативтің есебі үшін пруденциалдық нормативтің есебі мен қосымша мәліметтер Басқаруши үшін осы Ереженің 7 және 9-қосымшаларына сәйкес есептік тоқсанның соңғы жұмыс күні үшін уәкілетті органға осы Ереженің қосымшасына сәйкес есептік тоқсаннан кейінгі айдың бесінші жұмыс күні Астана қаласының уақыты бойынша 18.00 сағаттан кешіктірмей ұсынылады.

13. Пруденциалдық нормативтерді есептеу үшін қосымша мәліметтер электрондық тасымалдағышта беріледі. Пруденциалдық нормативінің есебі қағаз тасымалдағышта беріледі Қордың, Ұйымның, Басқарушының бірінші басшысы немесе есептілікке қол қоюға уәкілетті тұлға, бас бухгалтер қол қояды, мөрмен куәландырылады.

14. Қағаз тасымалдағыштағы қосымша мәліметтерге бірінші басшы немесе есептілікке қол қоюға уәкілетті тұлға, бас бухгалтер қол қояды, мөрмен куәландырылады және Қорда, Ұйымда, Басқарушыда сақталады. Қор, Ұйым, Басқаруши уәкілетті органның талабы бойынша сұраныс түскен күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей қағаз тасымалдағыштағы қосымша мәліметтерді береді.

15. Электрондық тасымалдағыштағы қосымша мәліметтер ұсынылатын деректердің құпиялыштығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдары бар, ақпараттың жеткізілуіне кепілдік беретін көлік жүйесін пайдалана отырып ұсынылады.

16. Электрондық тасымалдағышта ұсынылатын деректердің қағаз тасымалдағыштағы деректермен сәйкестігін Қордың, Ұйымның, Басқарушының бірінші басшысы немесе есептілікке қол қоюға уәкілетті тұлға қамтамасыз етеді.

17. Пруденциалдық нормативтің есебіндегі және қосымша мәліметтердегі деректер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгемен көрсетіледі.

18. Пруденциалдық нормативтің есебін және қосымша мәліметтерді толтырған кезде пайдаланылатын өлшеу бірлігі мындық теңгеде белгіленеді. Бес жүзден кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең немесе одан жоғары сома мынг теңгеге дейін дөңгелектенеді.

19. Пруденциалдық нормативтерді бұзған жағдайда, Қор, Ұйым, Басқарушы бұзушылық болған сәттен бастап үш күнтізбелік күні ішінде уәкілетті органға пруденциалдық нормативті бұзу факті мен себептері туралы, оны жою шараларының жоспарын ұсына отырып, хабарлайды.

20. Қор, Ұйым, Басқарушы осы Ереженің 8, 9-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша, осы Ереженің 17, 18-тармақтарында көрсетілген талаптарды сақтай отырып, алдыңғы жұмыс күнінің соңындағы жағдайы бойынша әрбір жұмыс күніне пруденциалдық нормативтің есебін жүргізеді.

Қағаз жазбадағы пруденциалды нормативтің есебіне Қордың, Ұйымның, Басқарушының бірінші басшысы немесе уәкілетті тұлғасы, бас бухгалтері қол қояды және мөрмен куәландырылады және Қорда, Ұйымда, Басқарушыда сақталады.

21. Пруденциалдық норматив тоқсан сайын уәкілетті органмен Қор, Ұйым, Басқарушы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес электронды тасымалдауышта ұсынған қаржылық және өзге есептілігінің негізінде есептеледі.

6-тaraу. Қорытынды ережелер

22. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте шешіледі.

Бағалы қағаздаррында
кәсіби қызмет түрлерін қоса
атқаратын ұйымдарға арналған
пруденциалдық нормативтерді
есептеу ережесіне 1-қосымша

Ескеरту. 1-қосымшага өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.10.29 N 164 , 2008.12.29 N 247 , 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз)
Қаулыларымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у ı !

1-қосымшага 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен өзгерту енгізіледі.

(Ұйымның, Қордың атауы)

200 жылғы "___" _____ жағдай бойынша
кредиттік тәуекел

(мың теңге)

N p/ c	Баптардың атаяуы	Сомасы	Тәуекел дәрежесі пайызбен	Есептеу сомасы
I топ				
1	Қолма-қол ақша		0	
2	"Standard & Poor's" агенттігінің "AA"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар елдердің қолма-қол шетел валютасы		0	
3	Жергілікті атқарушы органдарымен шығарылған облигациялардан басқа Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары		0	
3-1	"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздар		0	
3-2	"Кепі репо" операциялары		0	
4	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкідегі салымдар		0	
5	"Standard & Poor's" агенттігінің "AA"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетел мемлекеттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары		0	
6	"Standard & Poor's" агенттігінің "AA"-тен кем емес халықаралық рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейндегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар		0	
7	Тазартылған қымбат металдар мен металл депозиттері, оның ішінде "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "AA"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резидент емес банктердегі		0	
8	1 тәуекел тобына енгізілген активтері базалық активтері болып табылатын фьючерстер, опциялар, своптар, форвардтар		0	
9	1 тәуекел тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы		0	
II топ				
10	"Standard & Poor's" агенттігінің "A"-тен "BBB-" дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жок елдердің қолма-қол шетел валютасы		20	
11	"Standard & Poor's" агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шетел мемлекеттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары		20	
11-1	"Standard & Poor's" агенттігінің "A+"-тен "A"- дейінгі халықаралық рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейндегі рейтингтік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар		20	
12	Кор биржасының реңкіл тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен шығарылған облигациялар		20	
	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A"-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе "Standard & Poor's" агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzA"-тен төмен емес			

13	рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктердегі, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "AA"-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар, басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар резидент емес - бас банктің еншілес резидент - банктеріндегі салымдар	20	
14	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "AA"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шетел ұйымдарымен шығарылған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар	20	
